

## **Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысы. Хаттама №2**

**Қатысушылар:** Қаратоғай ЖОББМ-нің мұғалімдер үйімі.

**Саны:** 36

**Әтілген уақыты:** 1 желтоқсан 2023-2024 оку жылы.

**Күн тәртібінде:**

1. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттарын түсіндіру.

Кеңес мүшесі: Карагайшина Гульжан Султановна – ДОІЖО;

2. Педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

Кеңес мүшесі: Амангельдиева Баянгүл Сундеттуллақызы – педагог психолог;

**Тындалды:**

Бірінші мәселе бойынша әдеп кеңесінің мүшесі Гульжан Султановна:

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары бәрінізге таныс, яғни адалдық, әділдік, өзінің абыройын және қадір–қасиетін құрметтеу, патриотизм, жалпы адами құндылықтарды құрметтеу, кәсіби ынтымақтастық, үздіксіз кәсіби даму.

Педагог адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, қабілетін дамытуға, оқушылардың, ата–аналардың, әріптестердің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілікпен қарауды білдіреді. Педагог әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Педагог өз айналасындағылардың абыройы мен қадір–қасиетін құрметтейді, олармен қарым–қатынас жасауда өнегелі болып, әдептілік танытуы керек.

Ұстаз –мектеп тұтқасы. Сондықтан ұстаздар қандай кездеде, қандай ортада да педагогикалық әдепті ұстағаны жөн.

Екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Баянгүл Сундеттуллақызы:

Ұстаз ата–аналармен, балалармен және әріптестермен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті.

Чаттардағы қарым–қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызben жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескеpttі. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұсташаға кеңес берді.

Ұстаз этикасы–педагог пен бала, ата–ана мен педагог арасындағы қарым–қатынас. Педагогикалық этика–ұжым ішінде, педагогтер арасында басталып, өзінің занды жалғасын топтарда табуы тиіс. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен зандылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы педагог этикасы мектепке дейінгі ұйымдарды, мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым–қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

**Кеңес ұсынысы:**

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бұзбау, назарда ұсталынын.

2. Педагогтермен педагогикалық әдеп нормалары мен ережелерін сақтау туралы жұмыстар жүргізілсін.

**Кеңес мүшелері:**

Карагайшина Г.С.

Амангельдиева Б.С.

Алипбаев Н.Б.

Есенжолова Г.К.

**Кеңес хатшысы:**

Еримбетова А.Ж.